



**И.Журба атындағы жалпы орта
мектеп кітапханасының
2020-2021 оку жылдарының жылдық**

ІС-ЖОСПАРЫ

2020 -2021 оку жылды

Кітапхана көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	2019-2020	2020-2021
1.	Кітапхана	1	1
2.	Оқу залы	1	1
3.	Оқу залындағы орын саны	20	20
4.	Аудан көлемі	62,2	62,2
5.	Кітап коры	12419	21023
6.	Әдеби кітаптар	779	753
7.	Оқулықтар коры	11515	20270
8.	Компьютер	-	1
9.	Окушылар саны	622	768
10.	Оқырман саны	486	493
11.	Электрондық кітаптар	55	12
12.	Газет-журналдар	Оңтүстік өзінің Одабасының жаңы ай	Европа өзінің Одабасының жаңы ай

Оқырмандармен жұмыс және көркем әдебиетті насиҳаттау

1. Бастауыш сыйып окушыларын кітапхананы пайдалану ережесімен таныстыру, кітапханаға саяхат.(жыл басында)
2. Оқырмандарды кітапханаға тіркеу.(жыл бойы)
3. Кітап қорының жинақталуын, жаңа түскен кітаптарды есепке алып, орналасып, сақтауын үйімдастыру.
4. Қарыз кітапқа немікүрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу. (жыл бойы)
5. Окушылардың оқулықпен қамтамасыз ету, жаңа оқулықтармен толықтыру.
6. Кітапхана активін жасақтау, окушыларды кітапханадағы жұмыстарға тарту.
7. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд үйімдастыру.
8. Әр аптадағы әдістемелік күндерге көмек көрсету.
9. Окушылармен жұмыс жүргізу кестесін жасау.

Кітапхананың басты мақсаты мен міндеттері

Жұмыс жоспарының негізгі бағыттары мен міндеттері, XXI ғасырда жас өспірімдерді қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды білу үшін кітапты көп оқуга тарту шараларын үздіксіз жүргізу. Елтанбамыз, әнұранымыз, туымыз қайта жанданды. Кешегі күні келмеске кете жаздаған халықтық тәрбиенің өзімізге мәнгіге оралуы үшін күш салып жатырмыз. Жер, су, отанға деген махаббат, сүйіспеншілік үлкенге деген мәртебе, кішіге деген сыйластық, жаңа өмірге деген көзқарас, өмір танымы жаңаша қалыптасуы керек.

Жоғалтқанымызды тауып өркендету, болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз. Мұндай мүмкіндікті бізге Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі берді. Ұлттық мәдени, рухани дәстүрлерімен тілдік сұраныстардың қайта түрленуі мен жандануы, тәуелсіздік күйінің жариялануы, мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, кітапхана жұмысында барынша кең өріс тауып, одан әрі жүйелі түрде жалғастырылып, жас оқырмандар арасында кеңінен насиҳатталуда.

Ежелден келе жатқан ата-дәстүріміз шешендік өнерді қайта қалпына келтіру, оны жаңа талап, жаңа мақсат-мұратқа сай ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мұддесіне пайдалану парыз.

Кітапхананы насиҳаттау, оқырман балалардың кітапқа деген ынтасын арттыруда жүйелі түрде оқуға тартуда, көшілік шаралар түрлерін өткізу, үлкен роль атқарады.

Окушыларға жан-жақта тәрбие беруде, ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарияланған жолдауларын насиҳаттау және талдай білуге үйрету.

2017 жылдың 12-сәуірінде жарияланған Елбасының «Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып мектепішлік іс-шараларға атсалысу барысында кітапхананың да оқырмандарға бағдарламаны айлық және тоқсандық жоспарларға сәйкестендіре отырып үздіксіз жыл бойы насиҳаттау жұмыстарын жүргізу. 2012жылы 15 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауын негізге ала отырып, Тіл туралы Білім заңдарына байланысты инновациялық даму жолдары, адам деңсаулығының құндылықтары туралы айтылған жаңа саяси бағыттарын мұғалімдер мен окушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Мектеп кітапханасының бірінші кезектегі жауапты міндеті мектептегі жалпы окушының оқулықпен толық қамтылуы болып есептеледі. Себебі, окушы оқулық арқылы толық білім алуға міндетті. Кітапханада окушылардың берілген тапсырма бойынша ізденуіне, косымша материалдармен жұмыс жасауға, талап-тілектерін орындауга және көркем-әдебиеттерді оқуға, жан-жақты білім беруде, өз әдет-ғұрпын, дәстүрімізді ұлттық тәрбиемен дарыту мақсатында, дебат сайысы, пікірлесу, әдеби қонақжай кеші, іс-шаралардың көптеген түрі қанат жаюда. Кітапхана сөрелеріне мерейтой иелерімен, күнтізбектегі даталы күндерге көрмені дер кезінде жаңалап отыру жұмыстарын жүргізу. Кітапханада оқырман ізденісіне үлкен үлес қосу үшін газет-журналдармен және де көптеген мемлекеттік басылымдармен қамтылады.

Кітапхананың жылдық жұмыс жоспары

2020-2021 оку жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Конституция күніне орай «Ата Зан-Асқақ рухымыз » (онлайн көрмемен таныстыру)	Тамыз	Кітапханашы ДТІКО
2	Жаңа оку жылының окулықтарымен оқушылардың 100% қамтылуын және жетіспейтін окулықтарды аудан аралық алмасу	Қыркүйек	Кітапханашы
3	1 қыркүйек- Білім күні. Жаңадан келген көмекші құралдармен, әдістемелермен жаңа окулықтармен мұғалімдерді таныстыру.	Қыркүйек	Кітапханашы
4	5 қыркүйек – Тіл мерекесі. « Тілімменің тірегім» тақырыбында кітапханаға тұрақты көрме үйымдастыру (жыл бойы)	Қыркүйек	Кітапханашы
5	28-қыркүйек М.Әуезовтың туғанына 123 жыл толуына орай (әдеби кеш және көрме үйымдастыру)	Қыркүйек	Кітапханашы
6	3-Ақын, әнші, композитор Иса Байзаковтың туылғанына 120 жыл(1900-1946)	Қазан	Кітапханашы
7	Жазушы Абу Сәрсенбайұлының туғанына 115 жыл	Қазан	Кітапханашы Кітапхана белсенділері
8	Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі кітап пен кітапхананың рөлі	Қазан	Кітапханашы
9	1-қараша Этнограф, ағартушы, демократ Шоқан Уалихановтың туылғанына 185 жыл	Қараша	Кітапханашы
10	15-қараша Жазушы ф.ғ.д кенес одагының батыры Мәлік Габдуллиннің туылғанына 105 жыл	Қараша	Кітапханашы
11	25-қараша Қаз, хал, жазушысы, когам қайраткері, тарихшы М. Дулатовтың туған күніне орай (библиографиялық шолу)	Қараша	Кітапханашы
12	I- желтоқсан ҚР Тұнғыш Президенті күні. «Елі сүйген-елін сүйген Елбасы» атты көрме үйымдастыру	Желтоқсан	Кітапханашы

13	16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан ызғары» тақырыбында тәрбие сағаты өтетін сыйыптармен бірге отырып, көрме ұйымдастыру	Желтоқсан	Кітапханашы Сынып жетекшілері
14	24-желтоқсан Қазақтың халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының туылғанына 110 жыл. Тарихи танымдық сабак	Желтоқсан	Кітапханашы
15	Қазақстанның халық жазушысы Өтебай Тұрманжановтың туылғанына 115 жыл (танымдық тәрбие сағат)	Желтоқсан	Кітапханашы
16	Жаңа жыл мерекесіне орай, жана жылға жыр жаухарларын ұсыну және сыйып жетекшілеріне көмек беру	Желтоқсан	Кітапханашы Кітапхана белсенділері
17	Оқушылардың оқулықтарды қолдану барысын тексеру	Қантар	Кітапханашы
18	1-қаңтар Қазақстанның халық әртісі, әнші Байғали Досымжановтың туылғанына 100 жыл (әдеби талғам, ой толғау кеші)	Қантар	Кітапханашы Қазак тілі пәнінің мұғалімі
19	Халық композиторы, әнші Үкіл Ұбырайдың туылғанына 160 жыл. (әдеби ән-жыр кеші)	Қантар	Кітапханашы музыка пәнінің мұғалімі
20	Қазақстанның халық ақыны М. Мақатаевтың туылғанына 90 жыл. (шығармашылық кеш өткізу)	Ақпан	Кітапханашы
21	28-ақпан Қазақтың халық поэзиясының алaby Жамбыл Жабаевтың туылғанына 175 жыл	Ақпан	Кітапханашы ДТІЖО
22	8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған әдебиеттер және газет бетіндегі мақалаларды жинақтап, көрме ұйымдастыру	Наурыз	Кітапханашы
23	22-наурыз күніне орай қазақтың салт-дәстүрлеріне арналған әдебиеттерін жинақтап, көрме ұйымдастыру, мектепшілік іс шараларға атсалысу, шолу жасау	Наурыз	Кітапханашы
24	1-сәуір Халықаралық құстарды корғау күніне «Құстар біздің досымыз» тақырыбында бастауыш сыйыптар арасында тәрбие сағатын ұйымдастыру ж/е кітап көрмесін жасау	Сәуір	Кітапханашы Бастауыш сыйыптың мұғалімі
25	2 сәуір – Халықаралық балалар кітап күні (аудандарғы балалар кітапханаларына саяхат)	Сәуір	Кітапханашы Кітапхана белсенділері

26	23 сәуір- Дүниежүзілік кітап күніне арналған « Кітап- ақылшы, ой қазынасы» тақырыбында көрме құру және көрмені оқушыларға насиҳаттау	Сәуір	Кітапханашы
27	25сәуір- Ақын аудармашы Күләш Ахметованаң туылғанына 75 жыл толуына орай (поэзия сағаты)	Сәуір	Кітапханашы
28	«Қоғамның қасіреті СПИД-ғасыр дерте » Мектеп оқушыларына никотин мен алкогольдің зияны туралы тақырыпқа көрме үйымдастыру, баяндама оқу(видео роликтер ұсыну)	Сәуір	Кітапханашы ж/е медбике
29	1-мамыр Қазакстан халқының бірлігі күніне, көрме үйымдастыру ж/е өзге үлт өкілдерімен жүздесуге шақыру	Мамыр	Кітапханашы ДТІЖО
30	9-мамыр Женіс күніне арнап материалдар жинақтап. көрме үйымдастыру (мектеп дәлізіне)	Мамыр	Кітапханашы ДТІЖО
31	Окулықтарды сынып жетекшілерімен үйымдастан түрде кесте бойынша қабылдау, карыз оқырмандармен үздіксіз жұмыс жүргізу	Мамыр	Кітапханашы сынып жетекшілер
32	25- мамыр «Сынғырла соңғы қоңырау » атты сурет көрмесі	Мамыр	Кітапхана белсенділері

Кітапхана менгерушісі:  Г. Байысбай